

ЖОСПАР

1 ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ - ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ҚЫЗМЕТТІҢ БІР ТҮРІ РЕТІНДЕ

1.1 Қазақ жеріндегі мәдениеттік пен қайырымдылықтың дәстүрлері.6-8
1.2 Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі қайырымдылықты қолдайды.9-13

2 ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

2.1 Қазақстандағы қайырымдылық әрекеттері14-18
2.2 Қоғамдық қайырымдылық қорлары19-21
2.3 Қайырымдылық саясатын қаржымен қамтамасыз етудің механизмдері.22-25

ҚОРЫТЫНДЫ26-28
-----------	------------

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ29-30
---------------------------------	------------

1. Қайырымдылық – әлеуметтік-мәдени қызметтің бір түрі ретінде

1.1. Қазақ жеріндегі меценаттық пен қайырымдылықтың дәстүрлері.

Ұлттың ұлт болып, мемлекеттің мемлекет болып қалыптасуына жөкелеген адамдар тарапынан жасалатын игі істердің де шешуші маңызы бар екенін көп жағдайда ескеруге тура келеді. Олай дейтініміз, тәуелсіздік алған жылдары елімізде тұралап қалған экономикалық жүйені қалыпқа келтіру бағытында Елбасының салықалы саясатымен көптеген істер жүзеге асырылды. Ең алдымен, халықтың әлеуметтік жағдайың, тұрмыс-тіршілігінің оңалып кетуіне жіті мән берген саяси жүйе бүтінде өзінің дұрыстығын дәлелдеді. Сол себепті де бұл мәселеде қолға алынып жатқан істердің мән-маңызын талдап-талқылауға, тереңіне ой жіберуге, жаңа уақыт тұрғысынан өткенге зер салуға парасат-пайым қажет.

Қоғам болсын, адамдық ізгі ниеттен туындайтын амал әрекеттер болсын, барлығының өзара байланысқан жүйесі болатыны рас. Мәселен, бір адамға екінші адамның әсері болатыны тәрізді, қоғамдық, саяси мәдени жүйеге де өз ықпалы арқылы жаңа сертін, жаңа леп алып келетін адамдар болады. Ондайларды біз әдетте, бірнеше категорияларға бөліп, мемлекет үшін жасаған істеріне қарай топ-топқа бөліп қарастырып жатамыз. Нақтырақ айтсақ, қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетіне, білімі мен ғылымына, өнеріне өлшеусіз үлесін қосып келе жатқан тұлғаларға дәмеу болып, шығармашылықтарына қаржылай, материалдық қолдау көрсетіп келе жатқан еліміздің Атылтай жомарттары аз емес. Оларды қазіргі заманғық тілімен айтқанда «меценаттар» деп атаймыз. Сол меценат мырзалардың арқасында көптеген игі іс-шаралар тәуелсіздік алған жылдардан бері қарай жалғасын тауып келеді. Олардың өнер мен мәдениетке қосқан үлестері ел есінде. Жалпы алғанда, белгілі бір салаға меценаттық көмек көрсетіп, сол бір саланың жаңданып кетуіне мүмкіндік тудыратын адамдардың табығатын бір сәт зерттеп, ішкі болмыстарына үкіліп көрдік пе өзі? Олар жалпы қандай адамдар? Білетініміз, олар – кәсіпкер, өмірде керемет жетістіктерге жеткен қалғалы азаматтар. Алайда қалғалы азаматтардың барлығы дерлік шығын шығарып, тәуекелге бел буа бермейтіні тағы бар емес пе? Бұл жерде басы анық бір мәселе, көз көптен меценат «еліне, халқына жаны ашып, сол елдің өнері мен мәдениетінің күрденіп, көркеюіне үлес қоссам» дейтін ниеттен туындайтын ойлардың өкетеінде болуы тиіс шығар. Солайы солай бой, бірақ оның астарында белгілі бір мақсатты көздейтін, бір жағынан, өзінің де атын шығарып, қоғамға белгілі болуды армандайтындар да жоқ емес. Сол себепті меценаттық мақарастың байыбына барып, оның мәнін тереңінен білу қай-қайсымыз үшін маңызды. Меценат болу – әр адамның қолынан келе бермейтін іс. Ол үшін дәулетті, тапқан табысыңның көлемі біреуге қолдау жасайтындай дәрежеде болуы керек.

Тарихтан көптеген Атылтай жомарттардың есімін білеміз. Шежірелік деректерге зер салсақ, олар өздерінің көмегін көбінесе білімге жұмсаған. Оқу

орындарын ашып, мектеп-мадреселер тұрғызып, халықтың оқу-жазғу ісіне үлкен еңбек сіңірген, яғни олар білімге қолдау көрсету арқылы ұлт болшығының негізін салды. «Бүгінгі меценаттар қайдан шықты» деп ойға берілудің қажеті жоқ. Ел басына күн туған шақтарда, халық ашықалана күйге түскен кездерде біздің елдегі ауқатты, дәулетті адамдар да аянып қалмаған. Мұнан болғанынша бір елді, бір рулы аймақты қарамағына алып, малмен, отын-сумен қамтамасыз еткендері де аз болмаған. Қазақ халқына қосарлана айтылатын қасиеттердің бірі, осы – жомарттық. Неге? Себебі қазақтың жомарттығы байы тұрмақ, кедейінде де бар. «Үйдегі жалғыз атын сойып беріп, жүтен ұстап қалады ертеңінде» деген сияқты өлең жолдары осы жайды аңғартса керек. Әрине, елдің, ұлттың болашағы дегенде ішкен асын жерге қоятын азаматтарымыз жетерлік. Бар болғанына шүкір дейсің. Асыпшында, «байлық – мұрат емес, жоқтық ұят емес» дейтін қазақ мақалының астарына үңілсең, байлықты мұрат саналмаған, оны тек басқаға көмек қолын созатын мүмкіндік есебінде көретіндер де бар. Олардың «байлықтың жөні осы екен» деп, өз қаражаттарын орынсыз шашып, ысырап қылып жатқанын байқамайсың. Ұлтына пайдасы бар-ау дейтін жерде аянып қалмайды. Міне осындай абзал қасиеттерді зәре отырып, қазақ меценаттарының ең бірінші халықтың игілігіне, өнері мен әдебиетіне, мәдениетіне бөліп отырған қаржылары үлкен демеу болары анық. Меценаттардың елімізде көгілдіп көрінуі – мемлекеттік экономиканың дамып отырғанының бір белгісі. Елдің, халықтың жағдайы жақсара түскен сайын, оның арасынан бақуатты азаматтар да пайға бастады. «Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі» деген шаралар да кеңінен дамытылып отыр. Сондықтан да Елбасымыз айтқан «алдымен – экономика, содан кейін – саясат» тұжырымы да осы жағынан келгенде оң өзгерістердің пайда болуына ықпал етіп отыр. Жекелеген меценаттардың жасаған игі шараларынан бөлек, бұл саладағы мемлекеттің жасап отырған жұмыстарын да атап өткеніміз ләзім. Шығармашылық адамдарына тәжайындалатын арнаулы стипендиялар да – осы игілікті істің дәлелі. Мемлекетіміз қашанда өнер мен мәдениет өкілдеріне қолдау көрсетіп келеді. Әрине, өнер өнер үшін емес, өнер халық үшін болғандықтан, кез келген шығармашылық сала, ол, ең алдымен, жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыруға, мәдениет пен руханияттың дамуына қызмет етеді. Қазақ өнері мен мәдениеті меценаттардың қолдауына қашанда зәру. Мәселен, халықтың мүддесін көрген, солардың үні мен мұң-мұқтажын тиісті органдарға жеткізіп жүрген кейбір қалам иелері, журналистер қауымы үйсіз-күйсіз жалдамалы пәтерлерде күн кешіп жүр. Біздің елдің меценаттары осындай мәселелерге де назар аударса деген де тілек бар.

Ең бастысы, меценаттық жанашырлық, шын мәнінде, жүректен таза көңілден шықса тиі. Сонымен қатар бір күндік көмек көрсетіп, артынан үнсіз кететіндері де табылады. Қалай дегенмен де, меценаттық атақ пен данқұмарлықтың емес, шынайы жүректен туындаған ықылас болуға тиіс. Қазақтың бағына біткен және де сол шыққан биігінде ел есінде сақталып қалған меценаттар, шын мәнінде, ұлттық өнердің дамуына өлшеусіз үлес қосты. Бүгінде жыл сайын өткізілетін «Дарабоз» сынды балалар әдебиетіне

арналған сайысқа демеушілік жасап келе жатқан Бауыржан Оспанов деген қазақтың патриот азаматын ерекше атап өтуге болады. Қойып отырған ақшалай жүлделері де қомақты. Ел меценаттары осындай көңіл бөлімбей, қараусыз қалып жатқан өнер мен әдебиет салаларына дер шағында ұн қатып, қолдау көрсетіп отырса дейсің. Соңғы кездері балалар әдебиетіне жазылатын туындылардың саны күрт төмендеп, балаларымыз не оқығынын таппай қалған болатын. Сол оқылықтың орны толып, бүгінде балалар шығармаларының саны артып, талай кітаптар басылып шықты. Міне, азаматтық биіктіктің шыңы деп осындай жайларды айтуға болады.

Меценаттық пен қайырымдылықтың дәстүрлері қазақ жерінде ежелден бері тараған. Біреулер үшін ол сәнге айналса, енді біреулер үшін өмірдің қалыпты жағдайы ретінде мөрінді. Есенқұл Маманов сонау 1914 жылы «Айқап» журналында «Романға бәйге тігемін» деп ашық хат жариялауынан қазақтың әдебиет өнеріне деген қамырлығын аңғаруға болады. Жәңгір ханның қалықты азарту ісіне қосқан үлесі, Құнанбай қажының 1824 жылы салдырған мешіті, қазірет Нұрфайыз Байғариң, Тәбей Барлыбаев, Нұрмұхамет Зәбіров және тағы басқалары мешіт-медреселер салдырып, жас қауымның білім алуына зор ықпал жасаған. Қазіргі заман меценаттарының ішінде де мақтаншыпен айта алатын есімдер баршылық. Кешегі уақыттары «Аталұра» корпорациясын басқарған, бүгінде Мәдениет министрі Мұхтар Құл-Мұхаммедтің қазақ өнері мен мәдениетіне көрсеткен қамырлығы, айтыс өнерін дамытуға қосқан өлшеусіз үлесі ерекше. Амангелді Ермегияев, Әмірзақ Сәрсенов, Нұртай Сәбибянов сынды азаматтарды қазақ меценаттығының жарқын үлгісі деп айтуымызға болады. Өсіресе өнер мен мәдениетке аса қолдау қажет болған өтпелі кезектерде жасаған жомарттықтары халық есінде сақталғаны сөзсіз. Әрине, меценаттар бүгінде де бар. Олардың қатары жыл сайын көбейіп жаңа есімдермен толыға түсуде. Ең бастысы, меценаттық шаралар дәулетті адамның өзін-өзі танытуы үшін емес, шын мәнінен болып жатса, нұр үстіне нұр. Ал олардың есімдерін атап, құрмет-іршемет көрсету, алғысқа бөлеу еткен еңбектеріне қарай жасала берері белгілі. Біздің елде жеке адамдардың қайырымдылық ісімен айналысатындары да көп. Бір қызығы, олар өз аттарын атамай, жасырын қалуды жөн санайды екен. Қандай жолмен болса да, мұқтаж жандарға көмек беріп, қиындықтан құтытуға жәрдемдесіп жатса, бұл да болса сауатты істердің бірі емес пе?

1.2. Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі

Айыршылықты қолдайды

Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі жайында мәселе соңғы уақыттарда жиі көтеріле бастады. Осыдан біраз жыл бұрын бұл жайында айту ертерек елатын, көптеген ұйымдар ол уақытта өндірістерін жаңадан дамытып жатқан, және мемлекет бизнесмендерге алқтарына тұрып, Қазақстан экономикасынан өз орындарын алуына уақыт берген.

Бүгінде сол ұйымдардың көпшілігі өндірістік алыптарға айналып үтгерді. Басшылар әлеуметтік сұрақтарға көп көңіл бөле бастады. Мемлекет және бизнес арасындағы әлеуметтік серіктестік жайындағы алғашқы бірлескен әрекет шамамен 10 жыл бұрын жасалынған. Дәл 1998 жылы Қазақстанда Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы құрылды. Зейнетақы жарналарының толыққанды және уақытында берілуі—бизнесінің қоғам алдындағы жауапкершілігін түсінуі. Бүгінде Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығында мәліметтерді электронды есдеуді қолданатын әлеуметтік төлемдерді тіркеуді ұйымдастыратын және іске асыратын жаңа технология енгізілген, жердемақы мен зейнетақы алушыларының орталықтанған базасы құрылған. Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық қызметінің негізгі бағыттары: Мына тағайындаулар мен төлемдер бойынша ұражаттарды қабылдау:

—Зейнетақы

—Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар (мүтедектігі бойынша, асыраушысынан айырылуы бойынша, жасына байланысты)

—№ 1 және № 2 Тізім бойынша мемлекеттік арнайы жәрдемақылар

—Арнайы мемлекеттік жәрдемақылар (17 түрі)

—Баланың туылуына байланысты біржолғы берілетін жәрдемақы

—Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты әлеуметтік төлем

—Жерлеуге арналған жәрдемақы: зейнеткерлерді, ҰОС қатысушылары мен мүтедектерін жерлеуге жәрдемақылар

—«Мемлекеттік әлеуметтік сақандыру қоры» АҚ-нан (еңбекке жарамсыздығы жағдайында, асыраушысынан айырылған жағдайда, жұмысынан айырылған жағдайда, жүктілік пен бала тууға байланысты, Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты әлеуметтік төлемдер) 006 жылдың 1 шілдесінен бастап Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы базасында біріншай тіркеу орталығы құрылды. Нәтижесінде Жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамтылған салымшылардың саны жөнінде объективті ақпарат алуға, қосарлы және одан да көп зейнетақы шоттары мәселесін ашуға мүмкіндік туды. Сол арқылы «Бір салымшы—бір қор» принципі сақтауға жол ашылды.

Сондай-ақ, міндетті зейнетақы жарналарының аудару тәртібі де өзгерді. Бұрын егерде, жұмыс беруші әр Құрға жеке рәсімдесе, енді қорды көрсетпей-ақ барлық жұмысшыға бір ғана тапсырып құрастырылады және жарналар Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа аударылады. Бұрынғы қорын өзгертіген жағдай да, жұмыс беруші аударым процедурасын өзгертпейді, яғни төлем құжаттарын құрастыру бойынша есептік бағдарламаларды өзгерту шығыны болмайды.

Бұрын қателік болған жағдайда, жұмыс берушіге Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан барлық жұмысшы бойынша барлық сумма түгелдей қайтарылатын. Енді тек қате толтырылған реквизиттардың ғана суммасы қайтарылады. Жасалынған жұмыстар зейнетақылық жарналарды аудару процедурасын белсендендіріп қана қоймай, жеңілдету түсті, сол арқылы мүмкіндігінше жұмыс уақытын және бюджет пен жұмыс берушінің қаражатын үнемдеуді қамтамасыз етті. Әлеуметтік төлемдердің мөлшеріне әлеуметтік бөлулердің мерзімділігі мен жүйелілігі маңызды әсер етеді. Яғни, нақты адамға тағайындалған әлеуметтік төлемнің мөлшері жұмыс беруші қаншалықты жауапты болғанына байланысты. Бізде мемлекеттік жауапкершілігі қатал бекітілген, себебі біз бірінші дәрегейдеміз. Мүтедектік бойынша, асыраушысынан айырмаланып байланысты, жұктілікке және бала тууына байланысты біз ескі жүйені қалыптастырдық, бізде бұл рөлді мемлекет атқарып келген. Ал жұмыс беруші мен азаматтың өз білімі үрдіске қатыспайтын. Және біз беріміз белгілі бір дәрегейде өзімізге жауаптымыз және екіншіге қорай ешкім кәрілік, мүтедектік, асыраушысынан айырылу сияқты қатерлерден сақтандырылмаған. Бір уақытта, халықаралық тәжірибені зерттей отырып, бірінші дәрегей бойынша мемлекет өзінің әлеуметтік бағытталғандығын көрсетіп, өз міндеттерін атқара білді, ал бұдан кейін екінші дәрегей—әлеуметтік сақтандыру болып табылады, сақтандыру дегеніміз—бұл жұмыс берушінің барлық қауіптерден жұмысшысын сақтандыруы. Ана мен баланы әлеуметтік қорғау мәселесіне үткен мән бере отырып, елбасымыз өзінің кезекті Қазақстан халқына жолдауында 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап жұмыс істейтін әйелдер үшін жұктілік және бала туу, аналығына байланысты міндетті сақтандыру түрін енгізді. Осыған байланысты 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорынан әлеуметтік төлемдерді беру іске асырып жатыр. Атап өту керек, егер бұрын жұктілік пен бала тууына байланысты әлеуметтік жәрдемақыны және еңбек демалысын жұмысшыға жұмыс беруші өз қаржысынан төлеп тұрған міндетті болған. Ал қазір бұл төлемдер әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорынан төленетін болды.

Ана мен баланы міндетті әлеуметтік сақтандырудың енгізілуіне байланысты 2009 жылдан бастап әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына аударылатын жұмысшылардың төлемі көзге бойынша көбейді. Сақтандыру қызметін көрсету арқылы әлеуметтік кәсіпдемелермен қамтамасыз ету. Мемлекеттік ануиетті компания Қазақстанда ануиеттік сақтандырудың дамыту мақсатында құрылған алғашқы және жалғыз мемлекеттік мамандандырылған ұйым. МАК негізгі міндеттерінің бірі—

жұмысшының еңбек міндеттерін атқару кезіндегі өміріне және денсаулығына төнген залалдарға жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі және зейнетақымен қамтамасыз ету жөніндегі заңдарының орындалуына көмек беру. Жұмыс берушіге компания ануитетті сақтандыру қызметін ұсынады, қызметтік міндеттерін атқару кезінде жұмысшы тосын оқиғаға тап болған жағдайда, яғни жұмысшы мүтедек немесе қаза тапқан жағдайда МАК зардап шақпен жұмысшыға немесе оның қарауындағы жандарға әлеуметтік төлемді іске асырады. Айта кету керек, жұмысшы өз қызметкерлерінің өмірін сақтандырған жағдайда, салық кодексінде кіріс салығы және әлеуметтік салықтарды төлеуде салықтық жеңілдіктер қарастырылған. Бүгінгі күні Қазақстанның 700-ден астам ірі мекемелерімен ануитетті келісімшарттар жасалған. Мемлекеттік ануитетті компанияның серіктестерінің арасында Қазақстанның ірі өндірістік мекемелері—«Миттал Стіл Темиртау» АҚ, АО «Алюминий Казахстана» АҚ, «Қазақмыс» корпорациясы, «Қазақтелеком» АҚ және тағы басқалар. Еңбек қорғау стандарттарын сақтау—жұмыс орындарында қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады.

Жыл сайын еңбек қызметіне байланысты әлемде 2 миллионнан астам адам қаза тауып, 200 миллионға жуығы аурусырап алады. 2003 жылы Халықаралық еңбек қорғау ұйымы қаза тапқандары еске ағудың халықаралық күні концепциясын өзгертуді ұсынды, және нәтигі уақыт өндірісте орын алуы мүмкін тосын жағдайларды және кәсіби сипаттағы ауруларды алдын алуға берілу қажеттігі жайында айтылды. Сонымен қатар, 3 ереже шығарылған:

1. Өндірістегі өлімдер алдын алуға мүмкіндігі жоқ фатальды жағдай емес;
2. Тосын жағдайлар—өздігінен орын алмайды;
3. Ауру—жоқ жерден пайда болмайды.

Барлық тосын жағдайлардың себебі бар—көпшілік қайғылы жағдайларды алдын алуға болады. Еңбекті қорғау жөніндегі Республикалық ғылыми зерттеу орталығының маңызды міндеттерінің бірі—республиканың өндіріс орындарындағы жарақат алу деңгейін төмендету. Ғылыми орталық қызметкерлері үш жыл ішінде отызға жуық ғылыми зерттеулер жүргізген, олар «Миттал Стіл Темиртау» АҚ, «Қазақмыс» корпорациясы, «Тау машиналары» зауыты, Энергия зауыты сынды мекемелер тәжірибесінде сәтті қолданып келеді. Зерттеулердің тәжірибеге ендірілуі тосын оқиғалардың және жұмысшылардың кәсіби ауруға ұшырауларының санын төмендетуге көмектеседі. Осылайша Қазақмыс корпорациясында үш жыл ішінде тосын оқиғалардың саны біржарым есеге қысқарған. Бүгінде, біздің бизнес толығымен аяғына тұрып үлгерді, және қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге көптеп көмектесе алады. Бұл үшін біз әлеуметтік индикаторлар қай бағытта жасалуың, бұл мәселелерді шешу үшін бизнес қандай мөлшерде көмектесуі керектігін анықтап алуымыз керек. Бизнеснің әлеуметтік жауапкершілігінің ішкі және сыртқы түрі бар екендігі белгілі. Бизнес құрылымдармен бизнестің ішкі жауапкершілігі бойынша келісімшартқа

отырығымыз келеді, мұнда бір жауапкершіліктің қандай да бір шегін, мысалы компанияның жыпшық табысының қандай міндетті бөлігі жалақыны төлеуге, техника қауіпсіздігі үшін, еңбек жағдайын жасауға, қызметкерлердің квалификациясын арттыруға жұмсалатындығын анықтап алуымыз керек. Және сыртқы жауапкершілік—бизнес өзі орналасқан аймақтың әлеуметтік мәселелерін шешуі. Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі—бұл бизнестің қоғамға әсері. Шешім қабылдаушылардың, сол шешім әсер етушілердің арасындағы жауапкершілігі. Әлеуметтік жауапкершіліктің бұл анықтамасы тіптен тамаша. Және толығымен шындыққа айнала алмайды, себебі бір ғана шешімнің салдарын есептеу мүмкін емес. Бірақ әлеуметтік жауапкершілік бұл ереже емес, ол этикалық принцип, және шешім қабылдау ісіне міндетті түрде әсер етуі керек.

Сонымен қазіргі уақытта бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің бірнеше үлгілері жасалған.

- Ағылшын-американдық модель
- Еуропалық модель
- Аралас модель

Ағылшын-американдық модель:

Бұл модель XIX ғасырдың басынан бастау алған болатын. Бұл жағдайда жауапкершілік—жұмыс табумен және оларға жалақы төлеу арқылы еңбек жағдайын жасау болды. Сондай-ақ салық төлеуді уақытылы жүзеге асырып тұру міндеті кірді. Көптеген қоғамдық қатынастар әлі күнге дейін өзін-өзі реттеумен қалып отыр. Соның ішінде еңбек қатынас сферасында жұмысшы мен жұмыс беруші арасындағы екіжақты келісім кезінде медициналық сақтандыру ерікті түрде болып қалған. Екінші жағынан АҚШ-та мысалғы бизнесті әлеуметтік қолдауына қатысу меканизмін қалыптастырған, яғни корпорациялық қор арқылы әр түрлі әлеуметтік проблемаларды бизнес есебінен шешеді. Сондай-ақ қызметтегі әлеуметтік жауапкершілік және қайырымдылық жасайтын корпорацияларға заңдық негізде көрсетілген белгілі бір салықтық жеңілдіктер мен льготалар қолдануға заң жүзінде мүмкіншіліктер туады.

Еуропалық модель: Бұл модельде егер белгілі бір бизнес салықты көп төлесе, сол құрлым мемлекет сол қаржыға әлеуметтік бағдарламалар ұйымдастырады. Бизнес өз жұмысын табысты жүргізу керек және дұрыс жоғары көлемде салықтар төлеуі тиіс, ал мемлекет бұл қомақты қаржыны тиімді бөліп, әлеуметтік қажеттіліктерге тиесінше жұмсайды. Және де «мемлекеттік» мамандар ойынша, мемлекеттің басты жұмысы—оптималды салықпен қамтамасыз ету жағдайын сәйкесінше заң жүзінде жасап, одан түскен қаражатты экономиканы дамытуға қажетті маңызды секторларды қаржыландыруға бөлу, ал олар «локоматив» сияқты өндірістің басқа салаларын өсіруге себепші болумен қатар, жаңа жұмыс орындарын тауып, жалақыны мүмкіндігінше жоғарлатып, жалпы аймақтағы тұрғындар мен жалпы халықтың жағдайын жасап, мемлекеттің әлеуметтік базасын нығайтады.

Жалпы Еуропалық модельде бизнес—мемлекетті дұрыс шешімдер қабылдап, оны жүзеге асырып орындалуына себепші болатын институт деп санаса, АҚШ жалпы Бизнеске мемлекеттің араласуы бизнестің еркінділігі мен бостандығына тосқауыл болып, оның өркендеуіне кедергі болады деп есептейді.

Аралас модель Бұл модель соңғы жылдары ірі бизнестің дамуына байланысты Еуропада кеңінен таралған жаңа үлгі десек болады. Басқалай айтқанда бұл модельді корпорациялық әлеуметтік жауапкершілік деген атпен танымал бола бастады.

2. Қайырымдылық теориясы және даму тенденциялары

2.1. Қазақстандағы қайырымдылық әрекеттері

«Жақсылықтан басқаның бәріне қарсы тұруға болады»-дейді Ж.Ж.Руссо. Ал В.Скотт «Егерде адамдар бір-біріне көмектесуді үйренбесе, онда адамзат ұрпағы жер бетінен мүлдем жоғалады» деген екен. Қамқорлық қорларының осындай мақсаттарға негізделіп құрылғанына күмән келтірмес деп ойлаймын. Қоғамдық қор— көпшілікке арналған, көпшіліктен жиналған қаражатқа заңға қайшы келмейтін өзіндік құрал- жабдықтары бар, ол құрал-жабдықтар көпшіліктің пайдасына ұсталатын қоғамдық бірлік болып табылады. Бұл қорлардың негізгі жұмысы көпшілікке мәдени, рухани, қаржылай қамқорлық көрсету. Қамқорлық қорларының жұмыстарына жүргізілген талдауларға байланысты мәліметтерде, он адамнан тұратын қоғамдық бірліктің бір жылда 200- ден аса қоғамдық шаралар өткізіп, бірнеше бағыттарда жұмыстар ұйымдастыра алатынын айта келіп, бұл өз жұмысына деген сүйіспеншіліктің, жұмысқа шектеуліктің және шенеуліктің қысымының қортығынан деп көрсетеді. Қамқорлық қорының жұмысын оның құрылымын, қамқорлық деген ұғымды қаралайтын халық түсіні мәдениет саласында жұмыс жасайтын, осы ұғым туралы жады-көпті түсінігі бар оқығаң өмірден көргені бар адамдардың өз түсініне бермейді. Осы салада жұмыс жасай жүріп, талай жоғарғы өкімет орындарында істейтін жандардың ол не үшін керек, соған неге басыңызды ауыртасыз, тыныш үйде отыруға болмайды ма, деген сұрақтары жаныңды ауыртып, жүрегіңе жара салады. Бұл қамқорлық қорларының мемлекеттік емес ұжым болғандығынан ба екен, деген ой туады. Қамқорлық қорларына мемлекет өз тарапынан қолдау көрсетпегендіктен көпшілік ортасында да оның беделі төмен бе, дейсің? Сонымен қатар әлі күнге бұндай қорлар мемлекетке керек те емес болып отыр. Әрі көпшілік арасында қамқорлық қорлары туралы қаржы аудару, ұрлау, сол қамқорлық деген ұғыммен бүркеніп жеке мүдделерін ойпайтындардың шоғырланған бірлігі деген жансақ ұғымдар да қалыптасқан. Ондай қорлардың барыда өтірік емес. Әлі күнге талай жұмыстар жасай жүріп қорымыздың табыс таппайтынына, тапқанымызды елге таратып беретінімізге көпшілік түсініне бермейді де, сенбейді де. Егер сен істеген ісіңнен табыс таппасаң, ал тапқанымды елге таратып берсең онда сенің ақылмақ болғаның Жасыратыны жоқ ондай жұмыспен тек ессіз жандар, ерікпен жандар айналысады деп ойлағанды көпшілік жүрі. Солай деседе, біздің халқымызда тұрмысы, тіменге қамқорлық жасау, сонау атам заманнан қалыптасқан көпшілікті істердің бірі болып табылған. Қазақ халқында бақуатты, халқын сүйер азаматтар қай уақытта да өз қолынан келер көмегін жақынынан, елінен алмаған. Бұндай азаматтарды халық атылтай жомарттар деп, үлгі тұтқан. Әрине халықтың ішінде қамқор болушылардың санының аз, көп

болуы мемлекеттің тұрмыстық-әлеуметтік жағдайына байланысты. Қазіргі Қазақстан Республикасы бұдан 15 жыл бұрынғыдай емес жетілген ел, жер шарына танылған ел. Солай бола тұрсада шет елдерде Қазақстан туралы оның мәдениеті, экономикасы туралы, болашақтағы мүмкіндіктері туралы біле бермейді. Оның қазіргі экономикасының көрсеткіштеріне сенсек, атымтай жомарттары көп болатын елге жатысуға болады. Нақты іс жүзінде қалай? Халық даналығы айтқандай жүз рет естігеніңнен, бір рет көргенің артық дейді. Осы мақсатта Мәскеудегі «Астана» ирри, өзінің барлық мәдени қоғамдық шараларында қолда бар халқымыздың мәдени мұраларынан көрмелер ұйымдастырып, салт-дәстүрлерімен таныстырып отырады. Мәскеудегі халықтар достығы мен ұлттық мәдениеттердің дамуын қолдаудың «Астана» қоры осындай жақсылық жасауға жаны құмар жандардың қолдауымен құрылған. Бұл қордың мақсаты туған елінен алыстағы қазақстандықтарға мәдени-рухани тұрғыдан қолдау көрсету болып табылады. Әрине бұл көпшілік үшін тегін жұмыс жасау, оны ұйымдастыру, түрлі мәдени шараларды өткізу, сырттағы қазақ балаларына қазақ тілін оқытып үйрету. 2004 жылдан осы қордың мүшелері Қазақстанда қазақ тілі мен әдебиетінен өтетін «Қазақстан—ата жұртым, қасиетім—ана тілім» атты Халықаралық олимпиадаға Мәскеу қазақ балаларын дайындап қатыстырып келеді. Әр түрлі мәдени жобалар жасап, оны іске асыру үшін қаражат іздеп тұбады. Әлі есімде, Мәскеудегі он шақты зиялы қариялар тобын Қазақстанның тарихи жерлерін аралатуға арналған жобаны екі жыл толғаттым. Оған Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 15 жылдық мерекесіне арнап, «Қазақмыс» компаниясының жариялаған жыр мұшайфасына қатысып, өзімнің жеке творчествомның арқасында жеттім. Яғни, жыр мұшайфасының лауреаты ретінде «Қазақмыс» компаниясы басшыларына шыға отырып, қариялар тобының жол қаражатын осы компанияның қаржыландыруына қол жеткіздім. Мемлекеттік емес салада жұмыс істеу, табыссыз жұмыс жасау жүздің ғана емес, мыңның бірінің қолынан ғана келеді деп айтсақ жаңылмас едік. Ол да артықтау болмаса. Егер іс жүзінде осылай болса, 15 миллион халқы бар Қазақстанда 15000 адам қамқорлықпен айналысады екен. Бірақ біздер әлі де сол дәрежеге жете алмай келеміз, деп қорқатын. Мемлекеттік емес қамқорлық қорының жұмысы жұртшылық мүддесін қолдайтын жоба тауып, сол жобаны іске асыратын қаржы табу бұл өте қиын шаруа. Көптеген қаржылы азаматтар өз қаражаттарын қайда, қайда беру жолдарын білмейді. Белінген қаржы белгілі іске жұмсалмайды. Бұл салада мемлекет тарапынан қамқорлық жоқтың қасы. Мысалы 2008 жылы Астана қаласының 10 жылдық мерей тойына байланысты Мәскеудегі «Астана» қорының осы тойды Мәскеу қаласы жанындағы Қазақстан Президенті сыйлаған киіз үй тұрған Нахабино елді мекенінде өткізу жобасы ең бірінші мемлекеттік ұжымдар тарапынан қолдау болмағандықтан іске аспай қалды. Шет елде өткізілетін бұл жоба Қазақстан Республикасының шет жердегі мүддесін

жоғарлары сөзсіз еді. Жобаның мақсаты жеке кәсіпкерлермен қатар, Қазақстан және Ресей облыс орталықтары арасында экономикалық, сауда-әлеуметтік байланыстардың ашылуына жол ашу болатын. Жобаның мақсатын алған Ресей мемлекетіндегі бүкіл облыс басшылары, үлкен компаниялар мен мәдени орталықтар өздерінің қатысуға дайындығын хабарлаған, алайда Қазақстандағы мемлекеттік ұжымдарға жіберілген 200-ге тарта хаттың 50-іне ғана жауап келді. Бұл хаттарда қаржы жоқтықтан қатыса алмайтындарының бұл шараларға бюджетте қаражат бөлінбегені жайында жазды. Әрине бұл жерде күн тәртібінде қаражаттан да жоғары тұрған мақсат барың, өзекті мәселе барын мемлекеттік ұжымдар, мәдениетімізді, білімімізді, экономикамызды басқарып отырған басшылар дұрыс түсіне білмеді. «90-шы жылдардағы дағдарыс кезінде адамдар табиғатында қалай жаратылса сол қалыптарына қайта келіп, бақташы болғаны бақташы бастық болғаны бастық болып жұмыстанды. Бірақ өмірде жақсылыққа жаны жақын жандар, өмірді өзгертуде құмар жандар қашанда жоғалған емес, жоғалмайды да. 90-шы жылдары әрімізге өзінің мүмкіндігін, неге қабілетті екенін көрсететін кезең туған еді, мен сол кезде қалқылықпен айырмашылық» дейді, - Петербургтегі «ПРО АРТЕ» мәдениет және өнер қалқылық қоғамының директоры Елена Коловская. Ол өзі жұмыс жасап жүрген қалқылық қорының жұмысына тоқтала келіп, Ресейдегі қалқылық қорына түсетін қаржының 95% ірі компаниялардан екенін айтады. Осы күнге дейін ірі компаниялардың жекеленген қызметкерлері ғана қалқылық қорына қарайласып, қаржы бөліп келсе, қазір «Лукойл», «ТМК», «АВС Холдинг», «М. Видео», «АФК Система», «Уралсиб», «Русский стандарт» компанияларының өздерінің арнайы қалқылық қорлары барына тоқталады. Ресей мемлекетіндегі қалқылық қорлары мемлекет ішіндегі ғана емес, мемлекеттен тыс тұратын орыс тілді бауырларын да ұмытқан емес. Әр елде орналасқан қоғамдық қорларына көмек қолын дер кезінде созып отырады. Шет елде орналасқан қандастарының тілін жоғалттыруына, арнайы мәдени орталықтарының ашылуына, орыс халқының мәдени мұраларына арналған мұражайларының қалыпты жұмыс жасауына, шеттегі халық мұрасының елге оралуында қалқылық қорларының, жеке меценаттардың үлесі мен орны айрықша. Осы жерде тоқтала кетейін, жоғарыда айтылған Ресей Сыртқы Істері Министрлігі қарамағындағы гольф-клубта (Нахабено қалашығында) орналасқан қазақтың жалғызкіз үйінің тағдыры Қазақстан Мәдениет министрінің де, жеке азаматтардың да жүрегін ауырытып отырған жоқ. Әлде қазақтың кіз үйі халық мұрасына жатпайды ма? Сол жерден неге мұражай ашпасақ, неге ұлттық мәдениетімізді көрсететін халық мұрасының көрмелерін ұйымдастырмасқа. Бұл орталыққа жер шарындағы ең үздік спорт шеберлері, өнер иелері келіп демалады. Сонымен қатар, Мәскеуде орналасқан барлық елдің Елшілері мен елшілік қызметкерлері келеді. Мемлекет аралық келісім қағаздар толық іске асса Мәскеудегі

«Астана» қоры бұл күз үйді өз қамқорлығына алады. Ресей жеріндегі ескерткіштерді қорғауға алу, тілімізді, өнерімізді үйрететін орталықтар ашу, ұлттық мұраларымыздан мұражай ашу, ұлттық мейрамханалар ашу, өзге халықтар сияқты зираттық арнайы жер сатып алу, ол жерге мешіт салу сияқты уақыт күттірмейтін мәселелерді «Астана» қоры бүгінгі күн тәртібіне кріппі отыр. Қазақстандағы қайырымдылық қорларының жұмыстарына қарағанда, шет елдегі диаспоралар мүддесін қорғайтын Мәскеу «Астана» қоры сияқты қорларға мемлекет тарапынан арнайы қамқорлық керек екеніне көз жететін уақыт келген сияқты. Шетте халық мүддесін қорғайтын, тікелей халықпен жұмыс жасайтын мұндай қамқорлық қоғамдық қорлар саусақпен санарлық, тіптен сол саусақ санына да жетпес. Халқымыздың ұлттық мерекелері, сонымен бірге Биылғы жылдан Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен Халықаралық мереке болып отырған «Наурыз» мерекесін жылда бір облыстың қолдауымен Мәскеуде өткізу арқылы еліміздің мәдениетін, экономикасын көрсетуге болады. Мәскеуде жырма бес мыңға тарта қазақтар тұрады дейді соңғы деректер. Дегенменде жылда «Наурыз» мерекесінде әрі кеткенде 300-ға тарта қазақтар бас қосады. Осы қазақтарға мерекелік концерт өткізуге немесе «Наурыз» мерекесін толық өткізуге қазақстандық бизнесмен жігіттердің де әлі келеді. Ақтөбе облысының әкімі Сағындықовтың, Маңғыстау облысының әкімі Көшербаевтың қаржыландыруымен Мәскеудегі қазақ балалары осы екі облыс орталығымен, облыс өңірін аралап атамеменің тарихымен танысып қайтты. Осындай сырттағы қандастарына түсіністікпен қарайтын әкімдер көп болса, Бәрімізге қуаныш. Соңғы жылдары Мәскеудегі жоғарғы оқу орындарының бірнешеуінде қазақ тілін оқытатын, арнайы топтар ашылған, бүгінгі күнде бұл топтар өз жұмысын жалғастыра алмай отыр. Себебі тілді оқытатын маман жоқ, табылған күннің өзінде жергілікті мемлекет тарапынан бөлінетін еңбек ақы аз. Заң бойынша сағат бөліп, ол сабақты өткізетін орын беріп отырғанда біздер сол мүмкіндіктерді пайдалануымыз керек. Бір-екі мұғалімнің тұратын орынымен, осы аз еңбек ақыға қосатын қосымшаны таба алмасақ, елдігіміз қайсы. Елден сабақ беретін мұғалім келгенімен оның тұратын орыны, арнайы құжаттарын шешу мәселелері тұғырыңқа тірейді. Әрберіден соң тіліміздің дамуы, шет жерде оқытуы кімге керек. Қарап отырсаңыздар бұл жұмыстар мемлекет шекарасынан шығып кетіп жатыр. Осы шаралармен жұмыс жасайтын мекемелер бұл сұрақтарды көрмейді ме, естімейді ме? Баспасөз бетінде, ақпаратта бұл мәселелер ешкімді толқандырмайды. «Үйрен де, жәфен» деп, аталарымыз айтқандай біздер Ресей мемлекетінде тұрғандықтан бұл мемлекеттің сырттағы қандастарына жасалып жатқан көмегіне қызыға қараймыз. Соңғы ақпараттар бойынша ресейліктер сырттағы қандастарының денсаулығына да көңіл бөліп отыр, яғни сырттағы ауырған қандастарының денсаулығын түзету, емдеу үшін мемлекет өз тарапынан қай жерде, қай елде болса да қаражат бөледі. Бұл олардың

қоғамдық орындарының жетіс қетікесі.Бұл қоғам мен мемлекеттің қолн-қолтық жұмыс жасайтынын көрсетіп отыр. Осы орайда тағы Ресей мемлекетіндегі «эндаумент фонд» тәжірибелері туралы да айта кетіп келеді.«Эндаумент фонды» деген ұғым орысша айтқанда «Создание эндаумент-фонды» потребует от получателей дополнительных затрат сил, времени, денег. Необходимо будет усовершенствовать или создать с нуля систему привлечения средств благотворителей, т.к. привлечение пожертвований в фонд полностью.Эндаумент (англ. endowment) — целевой фонд, предназначенный для использования в некоммерческих целях, как правило, для финансирования организаций образования, медицины, культуры.Это ресурсный капитал некоммерческой организации (НКО), который вкладывается в акции или ценные бумаги так, чтобы организация получала ежегодные проценты.»Мемлекет бұл жерде налог алмайды.Ресейде бұл жұмыс 2007 жылға дейін заң жүзінде қабылданбағандықтан іске аспай келген.Үстіміздегі жылдың 11 февралінде Томск қаласындағы политехникалық университетте Ресей Президенті Дмитрий Медведев студенттермен кездесу кезінде осы университеттің эндаументік тіркелгені туралы естіп, өзінің бір айшық жалақысын осы университеттің эндаументіне жіберуге уәде берген.Президенттің уәдесінде тұрғаны жайы 27 февралде университеттің пресс-службасы қаржы келіп түскенін хабарлады.Сол студенттермен кездесуде Д.Медведев жеке спонсорлар және басқа азаматтар оқу барысына болсын,мәдениет саласына болсын әркім осылай көмектесе «ете керемет» болады ғой,деген еді. Қазақстанда да Елбасымыздан бастап, мемлекет қызметкерлері мен депутаттары,бизнесмен жігіттер әр салада осы эндаумент—фонд тәжірибелерін басшылыққа алса қарапайым халықта, мемлекетте жоғарғы жетістіктерге жетері сөзсіз. Осы жерде,«Қазақстанда қамқорлықтың көзін ашып, осы салдағы мәдениетті көтеріп, тәрб келеу керек»,деген «Аяла» иррның експерті Жангелді Сарсеновтың сөзіне қосыпалтын. Бөріміздің ортақ Отанымыз Қазақстанда да «Бауыржан», «Аяла» қайырымдылық қорларымен қатар, «Бота», «Қазына», «Қазақстан халықтарының рухани даму қоры»,«Ержан Татқшев қоры», «Құс жолы» т.б. көптеген иррлардың болуы қуантып, көңілге сенім орнатады. Әрі бұл қорлардың біразы жер шарындағы Ресей, Италия, Қытай, Австрия сияқты елдермен байланыста болуы, ол елдердегі қамқорлық қорларының жетілген тәжірибелері бұл қорлар жұмысының жаңа жетістіктерден аерініп, халқымыздың игілігіне өз үлесін қосуына ықпалын тигізетініне сенімдімін.

Қалың көпшілік жоғарыда аты аталған біздер білмейтін қамқорлық қорларымен жете таныс емес. Сондықтан қамқорлық қорлардың жеке атыптай жомарт азаматтарды баспасөз, ақпарат беттерінде айтып, «Жақсы сөз жан селіртеді» демекші көпшілікке таныстырып отыру қажет

2.2. Қоғамдық қайырымдылық қорлары

Еліміздегі қайырымдылық қорларының жұмысын жандандырудың маңызы зор. Шығынбайту қиынға келеді, қазіргі таңда көпшілік қайырымдылық қорларының жұмысына сенбе бермейді. Сондықтан елдің сеніміне селкеу түсірмеу үшін Қайырымдылық қорлары қауымдастығын құруды жөн деп шештік. Жалпы мұндай ортақ ұйым құру туралы ой алғаш рет 2008 жылғытауындаған болатын. Содан бері біздер ойымызды пісіріп, үстіміздегі жылдың наурыз айында ерми түрде тіркеліп, жұмысымызды бастадық. Қауымдастықтың негізгі мақсаты Қазақстанда қайырымдылық қорларының мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі таңда қайырымдылық қорлары мен үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын реттейтін заңды жетілдірудің мәні зор деп есептеймін. Бұдан басқа біздің қауымдастық қайырымдылық қорларының жұмысын жұртшылыққа кеңінен насихаттайтын пиар компания құруды жоспарлап отырған жайымыз бар. Өйткені, қазір еліміздегі қорлар көптеген жұмыстар атқарып, көмеке мұқтаж жандарға барынша көмекшілік созып келе жатқаны белгілі. Екіншіке орай, олардың игілікті іс-шаралары жұртқа жете бермейтіні жаңа батады. Соның салдарынан қайырымдылық қорларының атқарған жұмыстары қоғамдық ортада елеусіз күйінде қалап жатады. Бүгінде қолға алған кез келген істің жүріп кетуі насихатқа байланысты. Сондықтан біздер қауымдастық жағынан үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын насихаттайтын пиар тобын құрамыз. Осылайша жұрттың қайырымдылық қорларына деген көзқарасын өзгертуге күш салуды басты мақсат етіп отырмыз. Рас, кезінде көптеген қайырымдылық қорлары өздерінің міндетін дұрыс атқармай қалықтың сеніміне селкеу түсірді. Біздің елімізде де қайырымдылық жасау қазақ қоғамының тұтасқан бір бөлшегіне айналуы керек.

Қазіргі таңда қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастыруға үлкен күш-жігер қажет. Кәсіпкерлерге қайырымдылық іс-әрекеттерінің қоғам үшін маңызы зор екенін түсіндіру өте қиын. Даманы елдерде кәсіпкерлердің өздері қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастыруға мүдделі болып тұрады. Өйткені, оларда қайырымдылықпен айналысқан кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан бірқатар жеңілдіктер қарастырылған. Жалпы мұндай үрдіс бізде де бар. Мәселен, Қазақстанда игілікті шараларға атсалысқан компаниялардың мемлекетке төлейтін салығының 3 пайызы шегеріледі. Меніңше, салықтық мөлшерлемені бұдан да төмендетуе болады. Айталық, Америкада қайырымдылық істерін қаржыландыратын компания жалпы төлейтін салығының 10 пайызынан босатылады. 3 пайыз ғана салықтан босатылу ірі компаниялар үшін ірмәқты қаржы болып саналады. Ал шағын және орта бизнес үшін бұл соңшалықты қаржы сомма емес. Сондықтан шағын және орта бизнес өкілдері мұндай жеңілдікке қызыға бермейді. Ал 10 пайыздық жеңілдік болса, олар қайырымдылық істерімен айналысатына сенімдімін. Болашақта біздің бәлік орындары да осындай деңгейге жетуі керек. Біздің қауымдастық алдағы уақытта осы мәселе бойынша тиісті орындарға өз ұғынысын жасайтын болады. Қазіргі таңда

еліміздегі қоғамдық қорлар мен үкіметтік емес ұйымдар халықаралық гранттар мен мемлекеттік тәрсірысын алуға күш салып жүр.

Қауымдастық құрылғанға Алматы қаласындағы 18 қайырымдылық қоры мүше болды. Алдағы уақытта мүшелеріміздің санын арттыруға күш салмақ ойымыз бар. Бұл үшін біздер мүшелікке қабылданған қорлар мен үкіметтік емес ұйымдарға заңдық және бұзғалгерлік қызметтерімізді ұсынып, қатарымызға тартатын боламыз. Қоғамдық қорларда көптеген адамдар жұмыс істмейтіні белгілі. Өйткені, олардың көптеген мамандарды ұстап отыруына мүмкіншілігі жоқ. Дәл осындай кезеңде қорлар мен үкіметтік емес ұйымдардың насихат, заң мен есеп-қисап жұмыстарымен айналысатын қауымдастықтың қажеттігі туындайтыны белгілі. Алдағы уақытта біздер өз мүшелерімізге осындай қызмет түрлерін ұсынып, олардың жұмысын жандандыруға күш салатын боламыз.

Қазіргі таңда қайырымдылық қорлары мен бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы байпанысты жандандыра түсудің де мәні зор. Жакында ғана Ресейде қайырымдылық қорларының әлеуметтік роліктерін насихаттаған телеарналарды қосымша күш салығынан босатылатын болды. Ал бізде бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс тапқан әлеуметтік роліктерге қосымша күш салығы салынатыны белгілі. Бұл өз кезегінде БАҚтың қайырымдылық қорларының шарасы мен әлеуметтік мәні зор роліктерін халық арасына кеңінен насихаттауға кедергі келтіріп отыр. Біздің ұйым алдағы уақытта бұл мәселеге де тиісті деңгейде көңіл болып, қолғау салуытын болады.

Қазір еліміздегі ірі компаниялар қайырымдылық шарасын өткізуге жыл сайын қаржы бөлеп отырады. Бір қызығы компаниялар өздерінің қомақты қаржысын қай бағытқа жұмсауды жетік біле бермейді. Қоғамдық өмірге байыптен қарасаңыз, компаниялар бірінші кезекте жетім балалар үйіне қаржы бөліп жатады. Жетім-жесірге көмектесу бұл өте орынды іс екені даусыз. Бірақ қоғамда халықтың мүддесін көздейтін бұдандан да шетін мәселелер бар ғой. Айталық қайырымдылық шарасына бөлінген қаржыны жас жеткіншектердің білім беру саласына жұмсайтын болсақ, жұмсалған қаржының өтеуі еселеп қайтар еді. Сондай-ақ, қоғамда өз орынын таба алмай жүрген әлеуметтік топтардың қандайда бір мамандықтарға баулитын орталықтар ашсақ, жұртқа да, мемлекетке де зор пайдасын тигізетіні анық. Жалпы ойымызда қайырымдылық саласын дамытуды көздейтін көптеген ойлар бар. Алдағы уақытта соның бәрін рет-ретімен іске асыратын боламыз.

Қайырымдылық ұйымдары - Қазақстанда жалпы қоғамның немесе жеке адамның мүдделері үшін қайырымдылық қызметін жүзеге асыру мақсатымен құрылған бейүкіметтік, бейкоммерциялық бірлестіктер. Қоғамдық ұйым, ирр, мекеме түрінде және басқа нысанда құрылады. Жеке және заңды тұлғалар қайырымдылық ұйымдарының нысанына қарай оның құрылтайшылары бола алады. Ұйым белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өтуге тиіс. Қайырымдылық ұйымдарының кірістері шығыстарынан асып түскен жағдайда артығы осы ұйым мақсаттарына ғана жұмсалады. Ұйымның саяси

партияларды, қозғалыстарды, топтар мен компанияларды қолдау үшін өз қаражатын жұмсауға және өз мүлкін пайдалануға құқығы бар. Қайырымдылық ұйымдары қаражатының құралу көздері:

- құрылтайшылардың жарналары;
- қайырымдылық жылулары, соның ішінде азаматтар мен заңды тұлғалар ақшалай және заттай беретін мақсатты сипаттағы жылулар;
- бағалы қағаздардан түскен табыспен оларды өткізуден тыс операциялардан түскен табыстар;
- ақшалай қаражатты тарту жөніндегі қызметтен түскен түсімдер;
- заңмен рұқсат етілген кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстар;
- республикалық бюджеттен, жергілікті бюджеттерден және бюджеттен тыс көрлерден түскен табыстар;
- Қайырымдылық ұйымдарының шаруашылық қоғамдарының, мекемелерінің қызметінен түскен табыстар;
- еріктілер еңбегінің нәтижелері;
- заңмен тыйым салынбаған өзге де көздер.

Қайырымдылық ұйымдары әкімшілік-басқарушылық қызметкерлердің еңбегіне өзінің қаржы жағын жұмсайтын ақшалай қаражатының 20 пайыздан аспайтын мөлшерінде ғана ақы төлеуге хақылы.

2.3. Қайырымдылық, саясатын қаржымен қамтамасыз етудің механизмдері

Қайырымдылық жүйесін салықтық реттеу, кедейлік пен жұмыссыздықты төмендетудің қаржылық-кредиттік механизмдері, корпоративтік деңгейдегі қайырымдылық жүйесі және әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар әлеуметтік проблемаларды шешуде маңызды рөл атқарады.

Кредиттік серіктестіктердің даму рыногы, олардың жиынтық кредиттік портфелі мен клиенттерді қамту деңгейі банктің осы қызметтерімен салыстыруға келмейді. Қазақстанда мемлекеттің жиынтық кредиттік портфелінде микрокредит берудің үлесі 2%-ды құраса, Ресейде бұл көрсеткіш 20% болып отыр. Микроқаржылық қызметтерге қол жеткізу арқылы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің арзан кредит алу мүмкіндігі кеңейеді және бұл өз кезегінде кәсіпкерлікті дамытуға, жұмыспен қамту деңгейін жоғарылатуға, кедейлікті төмендетіп, халықтың өзін-өзі әлеуметтік қорғауына септігін тигізеді.

Микроқаржыландыруды дамытуды тежеп отырған негізгі фактор осы секторды мемлекет тарапынан кешенді қолдаудың, тұжырымдамалық көзқарастың болмауымен байланысты. Кредиттік серіктестіктер мен микрокредиттік ұйымдар ұтқыр және мамандандырылған қаржы институттары бола отырып, банктік қызметтерге бәсекелестікке тудыра алады.

Микрокредиттік ұйымдардың кредиттері кедей халықтың үлесін төмендететінін зерттеулер көрсетіп отыр. 2007 жылғы 1 қаңтарда Қазақстанда 745 микрокредиттік ұйымдар тіркеліп, олардың ішінде белсенді жұмыс істейтіндері 250 болып отыр. Оңтүстік Қазақстанда 165, Алматы қаласында 115, Қарағанды облысында 73, Атырау облысында небәрі 7 микрокредиттік ұйымдар тіркелген.

Қазақстан халқының 43%-ы ауылда тұрады, микрокредиттік ұйымдардың ауылда шоғырлануы 15%-ға тең. Республикалық бюджеттен «Ауыл халқына микрокредиттер беру жүйесін ұйымдастыру бәждарламасына» 2006 жылы 2 млрд 500 млн теңге бөлінді. Зерттеулер көрсетіп отырғандай, микрокредиттік рынок монополизациянып бара жатыр. «Микрокредит-Инвест» 18 микрокредиттік ұйымдарды жекешелендіріп алды.

Кредиттік серіктестіктер мен микрокредиттік ұйымдарды мемлекеттік қолдау құралын одан әрі жетілдіру, микроқаржылық ұйымдардың кәсіби қызметтер мен ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ететін инфрақұрылымды дамыту, кредиттік серіктестіктер мен микрокредиттік ұйымдардың қызметіне мониторинг жүргізу өзекті проблемалар болып табылады. Микрокредиттік ұйымдар беретін кредиттердің көлемін 1000 АЕК-тен 3000 АЕК-ке жоғарылату ұсынылды. Бұл өз кезегінде микрокредиттік ұйымдардың инвестициялық тартымдығын жоғарылатады.

Қайырымдылық жүйесін қаржымен қамтамасыз ету аясында халыққа түсетін салық ауырталығын анықтаудың маңызы зор.

Салық салу әділеттігі қоғамда қалыптасқан «әлеуметтік әділеттіктің» тұжырымдамасына тікелей байланысты. Осы мәселе бойынша екі көзқарасты бөліп көрсетуге болады.

«Үтіпшіарлық» көзқарас бойынша қоғам жалпы жиынтық молшылық, әл-ауқаттылығы қамтамасыз етеді, ал азаматтар арасында оның әділетті бөлуі қадағаланбайды. Салық арқылы халықтың әл-ауқаттылығының табысын «әлсіз» табысы төмен халық топтарына бөлу мәселесі шешілмейді.

Ал «роулиандық тұжырымдама» (американ экономисі Джон Роулстың атымен аталған) қоғамның әл-ауқаттылығы, қоғам мүшелерінің тұрмысы ең кедей деп саналатындардың жағдайымен сипатталады. Қоғам мүшелерінің табыстары халықтың әр түрлі санаттарының арасында бөлініп, табыстардың әркелкілігі төмендетіледі.

Осыған байланысты қоғам мүшелерінің табыстарын қайта бөлудегі салықтардың атқаратын рөлі маңызды. Салық ауыртпалығының таралу деңгейін бейнелейтін сандық көрсеткіш халыққа түскен салық ауыртпалығы болып табылады, өйткені өндіріске салынатын салықтар тауардың бағасына кіреді, түпкілікті тұтынушылар салықтардың негізгі ауыртпалығын өз мойнына алады.

Халықтың салық ауыртпалығы тек салық мөлшерлемесіне ғана байланысты емес. Қоғам мүшелерінің жалпы әл-ауқаттылығы жоғарылаған сайын бұл көрсеткіш төмендейді. Сондықтан да жаңасы жерін салық механизмдері арқылы бір деңгейде тежеу жалақысы жоғары жұмыскерлердің ғана табысын тежел қоймайды. Көрсеткіш табысы жоқ мемлекеттік қызметшілердің салық ауыртпалығы жоғарылайды.

Әлеуметтік салықтық жеңілдіктер теңестіру тетігі ретінде рыноқтық экономика жағдайында елді сүруге бейімделмеген азаматтарға салық ауыртпалығын төмендетуді көздейді. Бұдан басқа жеңілдіктерді әлеуметтік бағытта қызмет ететін ұйымдар, олардың қызметкерлері де ала алады. Қазіргі салық салу жүйесінде қайырымдылық жүйесіндегі қаржылық элемент ретінде салықтық жеңілдіктер институты өзінің әлуетін толық орындай алмай отыр.

Қайырымдылық жүйесінде орта және шағын бизнестің дамуы маңызды орын алады. Орта және шағын бизнестің ІЖӨ-дегі үлесі 25%, жеке секторда экономикалық белсенді халықтың 60%-ы жұмыс істейді. Орта және шағын бизнес көбінесе сауда секторында шоғырландырылған. Бизнестің 46%-сауда, автомобильдерді жөндеу саласында ашылса, 14%-құрылыс, 12%-жылжымайтын мүліктер операциясы, ал 10,9%-ы ғана өндіріске тиесілі. Орта және шағын бизнесті дамытудағы заңнамалық актілердің саласы өте төмен. Республикада Салық кодексін түсіндіретін 400 әр түрлі құжаттар шығарылған.

Салықтық жеңілдіктер, соның ішінде, орта және шағын бизнестің ашылғанынан бастап екі жыл ішінде толық салықтан босату, үшінші жылы - 75%-ға жеңілдік, 4-ші жылы 50%-ға, ал 5-ші - 25%-ға жеңілдік берілуі орта және шағын бизнесті дамытуға жағдай жасайды.

Қайырымдылық жүйесінде жеке сектормен мемлекеттік ынтымақтастық құру жолдары қарастырылып, халықты әлеуметтік қорғауда корпоративтік қаржылық институттарды дамытудың механизмдері айқындалды. Әлеуметтік инвестициялар ұзақ мерзімде көрініс табатын арнаулы әлеуметтік тиімділікті алуға бағытталған.

Қайырымдылық жүйесінде жеке сектормен мемлекеттік ынтымақтастықты нығайтудың үйлесімді құралдарын қолдану арқылы әлеуметтік қорғауды қаржымен қамтамасыз етудің қосымша көздерін тартуға болады.

Әлеуметтік инвестициялар арнаулы әлеуметтік тиімділікті тек қана келешекте алуға мүмкіндік жасайды. Әлеуметтік шараларға қысқа мерзімде арналған шығындар корпоративтік сектордың қаржы ағындарын айналымнан бұрады, ал бұл өз кезегінде бәсекеге қабілеттілік факторын төмендетеді.

Қазақстандық корпоративтік жүйе қаржымен қамтамасыз етудің басым көзі болуы қажет. Әлеуметтік инвестицияларды мемлекет экономикалық тұрғыдан ынталандыруы қажет. Қазақстанда халықты әлеуметтік қорғауда мемлекеттік және корпоративтік саясаттың жаңа құралдарын жүйелі түрде әзірлеу қайырымдылық жүйесін қаржымен қамтамасыз етуде тұрақтылыққа қол жеткізеді. «Казмұнайгаз», «Казатомпром» АҚ, Ұлттық компания, «Қазақстан темір жолы» АҚ, Ұлттық компания, ЖШС «Тенгизшевройл», «Казинер» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Қазақмыс» корпорациясының әлеуметтік бағдарламаларын талдай келе қазақстандық бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің мынандай бейнесін қалыптасқанын көреміз.

3 - ші сурет корпорациялардың сыртқы әлеуметтік жауапкершілігінің басымдығын көрсетеді. Корпорациялардың әлеуметтік бағыттағы шығындарының 53%-ы әр түрлі әлеуметтік бағдарламалар, соның ішінде жергілікті өңірлерді дамытуға арналған бағдарламаларды қаржыландыруға, 35%-ы табиғатты қорғауға арналған шығындарды, 12%-ы ғана өз мамандарының кәсіби біліктілігін арттыруға, денсаулықты нығайтуға, жұмыс істеу жағдайын жақсартуға жіберіледі.

Экономикасы дамыған елдерде корпорациялардың қайырымдылық жүйесіне қатысуы белсенді жүргізіледі. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі БҰҰ Ғаламдық көпісімінің қағидағтарын енгізу, әлеуметтік әріптестік пен отандық компаниялардың тиімді қайырымдылық практикасын қалыптастыру, әлеуметтік жобалар маңыздылығының беделін көтеру арнайы автор ұсынған индикаторлар арқылы бағалануы қажет.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін бағалаудың айқын өлшемдерін белгілеу отандық және шетелдік компаниялар ерікті түрде жүзеге асыратын әлеуметтік бағдарламалардың басым бағыттарын айқындайды.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің тиімділігін анықтайтын еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауға, кәсіби біліктілігі жоғары мамандарды даярлауға, аурудың алдын алу шараларын қаржыландыруға, мәлдірлік қағидаға негізделген бизнесті жүргізуге, әлеуметтік есептемені жүргізуге арналған шығындардың жалпы шығындардағы үлес салмағы және салалық

көрсеткіштен ауытқуы сияқты автор тарапынан қаржылық-экономикалық индикаторлар ұсынылып отыр. Жастарды жұмысқа алу квотасы жұмыскерлердің жалпы санынан 10 пайыздан төмен болмауы және бір жылда бір қызметкерге денсаулығын жақсартуға 20 мың теңгеден төмен емес қаржы бөлу бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін жоғарылатады.

Кәсіпкерлер үшін әлеуметтік жауапкершілікті арттыру мәселелерінде олардың қызметі үшін қолайлы, әлеуметтік қауіпсіз орта қалыптастыруға қатысу міндеті дәлел болуға тиіс. Қоғамдағы әлеуметтік-саяси тұрақтылық – бизнестің табысты дамуының кепілі.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бизнестің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі жаһандық шартының қағидалтарын енгізу және меценаттық пен қайырымдылық қызметі, экономикалық интеландыру және бизнес пен үкіметтік емес ұйымдардың тиімді өзара іс-қимылы үшін заңнамалық база құрған мақсатқа сай келеді.

Кәсіпорындардың корпорациялық табыс салығын есептеуде қайырымдылыққа, әлеуметтік қорғауға арналған шығындарын шегерімге жатқызу деңгейін 5 пайызға дейін жоғарылату ұсынылып отыр.

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар миссиясы мемлекеттік және жеке секторларды шоғырландыру, кластерлік тәсілдің негізінде бірнеше рыноктық экономика құру жолымен өндіріс пен өндіріс экономикалық дамуына жәрдемдесу.

Жеке сектордың белсенді қатысуынсыз республиканың әлеуметтік және экономикалық дамуы мүмкін емес. Бүгінде жеке құрылымдар өз қызметін жүзеге асыратын өндіріс дамыту проблемасынан сырт қала алмайды. Бұл ретте жеке кәсіпкерлік субъектілерінің әлеуметтік жауапкершілігі деп әлеуметтік жобаларға пайданы инвестициялауды ғана емес, сондай-ақ бәсекеге қабілетті бизнесті құру мен жүргізуді, рентабельді емес кәсіпорындар базасында жаңа өндірістер құруды, мемлекеттік меншік объектілерін тиімді пайдалануын айтуға болады.

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар – бұл тауарлар мен қызметтерді өндіру және сату жолымен пайда алу мақсатында өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орықты бизнес-құрылымдар. Бұл ретте әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың алған пайдасының бір бөлігі өндіріс пен өндіріс әлеуметтік, экономикалық немесе мәдени мақсаттарын іске асыру үшін қайта инвестицияланады.

Қорытынды

Ұлттың ұлт болып, мемлекеттің мемлекет болып қалыптасуына жекелеген адамдар тарапынан жасалатын игі істердің де шешуші маңызы бар екенін көп жағдайда ескеруге тура келеді. Олай дейтініміз, тәуелсіздік алған жылдары елімізде тұралап қалған экономикалық жүйені қысыпқа келтіру бағытында Елбасының салмақты саясатымен көптеген істер жүзеге асырылды. Ең алдымен, халықтың әлеуметтік жағдайы, тұрмыс-тіршілігінің оңалып кетуіне жіті мән берген саяси жүйе бүгінде өзінің дұрыстығын дәлелдеді. Сол себепті де бұл мәселеде қолға алынып жатқан істердің маңызын талдап-талқылауға, тереңіне ой жіберуге, жаңа уақыт тұрғысынан өткенге зер салуға парасат-пайым қажет.

Елдің халықтың жағдайы жақсара түскен сайын, оның арасынан бақуатты азаматтар да шыға бастады. «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі» деген шаралар да кеңінен дамытылып отыр. Сондықтан да Елбасымыз айтқан «алдымен – экономика, содан кейін – саясат» тұжырымы да осы жағынан келгенде оң өзгерістердің пайда болуына ықпал етіп отыр. Жекелеген меценаттардың жасаған игі шараларынан бөлек, бұл саладағы мемлекеттің жасап отырған жұмыстарын да атап өткеніміз ләзім. Шығармашылық адамдарына тәжәйындалатын арнаулы стипендиялар да – осы ішпекті істің дәлелі. Мемлекетіміз қашанда өнер мен мәдениет өкілдеріне қолдау көрсетіп келеді. Әрине, өнер өнер үшін емес, өнер халық үшін болғандықтан, кез келген шығармашылық сала, оң ең алдымен, жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыруға, мәдениет пен руханияттың дамуына қызмет етеді. Қазақ өнері мен мәдениеті меценаттардың қолдауына қашанда зәру. Мәселен, халықтың мүддесін қорғап, солардың үні мен мұң-мұқтажын тиісті органдарға жеткізіп жүрген кейбір қалам иелері, журналистер қауымы үнсіз-күйсіз жалдамалы пәтерлерде күн кешіп жүр.

Меценаттық пен қайырымдылықтың дәстүрлері қазақ жерінде ежелден бері тараған. Біреулер үшін ол сәнге айналса, енді біреулер үшін өмірдің қалыпты жағдайы ретінде көрінеді.

Қайырымдылық, меценаттық жанашырлық, шын мәнінде, жүректен, таза көңілден шықса игі. Сонымен қатар бір күндік көмек көрсетіп, артынан үнсіз кететіндері де табылады. Қалай дегенмен де, меценаттық атақ пен данққұмарлықтың емес, шынайы жүректен туындаған ықылас болуға тиіс. Қазақтың бағына біткен және де сол шыққан биігінде ел есінде сақталып қалған меценаттар, шын мәнінде, ұлттық өнердің дамуына өлшеусіз өлес қосты. Ел меценаттары осындай көңіл бөлімбей, қараусыз қалып жатқан өнер мен әдебиет салаларына дер шағында үн қатып, қолдау көрсетіп отырса дейсің. Соңғы кездері балалар әдебиетіне жазылатын туындылардың саны күрт төмендеп, балаларымыз не оқитынын таппай қалған болатын. Сол оқылықтың орны толып, бүгінде балалар шығармаларының саны артып, талай кітаптар басылып шықты. Міне, азаматтық биіктіктің шыңы деп осындай жайларды айтуға болады.

Есенқұл Маманов сонау 1914 жылы «Айқап» журналында «Романға бейге тігелін» деп ашық хат жариялауынан қазақтың әдебиет өнеріне деген қамқорлығын аңғаруға болады. Жәңгір ханның халықты аярту ісіне қосқан үлесі, Құнанбай ханның 1824 жылы салдырған мешіті, хазірет Нұрғайыз Байғарин, Тәбей Барлыбаев, Нұрмұхамет Зәбіров және тағы басқалары мешіт-медреселер салдырып, жас қауымның білім алуына зор ықпал жасаған. Қазіргі заман мәдениеттарының ішінде де мақтаншыптан айта алатын есімдер баршылық.

Кешегі уақыттары «Атамұра» корпорациясын басқарған, бүгінде Мәдениет министрі Мұхтар Құл-Мұхаммедтің қазақ өнері мен мәдениетіне көрсеткен қамқорлығы, айтыс өнерін дамытуға қосқан елшеусіз үлесі ерекше. Амангелді Ермегияев, Әмірзақ Сәрсенов, Нұртай Сабириянов сынды азаматтарды қазақ мәдениетінің жарық үлгісі деп айтуымызға болады. Әсіресе өнер мен мәдениетке аса қолдау қажет болған кезеңдерде жасаған жомарттықтары халық есінде сақталғаны сөзсіз. Әрине, мәдениеттер бүгінде де бар. Олардың қатары жыл сайын көбейіп жаңа есімдермен толыға түсуде. Ең бастысы, мәдениеттік шаралар дәулетті адамның өзін-өзі танытуы үшін емес, шын мәнінде болып жатса, нұр үстіне нұр. Ал олардың есімдерін атап, құрмет-іршімет көрсету, алғысқа бөлеу еткен еңбектеріне қарай жазала берері белгілі. Біздің елде жеке адамдардың қайырымдылық ісімен айналысатындары да көп. Бір қызығы, олар өз аттарын атымай, жасырын қалуды жөн санайды екен. Қандай жолмен болса да, мұқтаж жаңдарға көмек беріп, қиындықтан құтылуға жәрдемдесіп жатса, бұл да болса сауатты істердің бірі емес пе?

Қазақтың жомарттығы байы тұрмақ, кедейінде де бар. «Үйдегі жалғыз атын сойып беріп, жүген ұстап қалады ертеңінде» деген сияқты өлең жолдары осы жайды аңғартса керек. Әрине, елдің ұлттың болашағы дегенде ішкен асын жерге қолтын азаматтарымыз жетерлік. Бар болғанына шүкір дейсің. Асылында, «байлық – мұрат емес, жоқтық ұят емес» дейтін қазақ мақалының астарына үңілсең, байлықты мұрат санамаған, оны тек басқаға көмек қолын созатын мүлкіндік есебінде көретіндер де бар. Олардың «байлықтың жөні осы екен» деп, өз қаражаттарын орынсыз шашып, ысырап қылып жатқанын байқамайсың. Ұлтына пайдасы бар-ау дейтін жерде алып қалмайды. Міне осындай абзал қасиеттерді көре отырып, қазақ мәдениеттарының ең бірінші халықтың игілігіне, өнері мен әдебиетіне, мәдениетіне бөліп отырған қаржылары үлкен демеу болары анық.

Қазіргі қоғамда ынтымақтастықты қалыптастырудың негізгі факторы ретінде саяси тұрақтылықты атай аламыз. Саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету саяси институттардың маңызды қызметі болып табылады. Осы мақсаттарды орындауда биік орындары түрлі саяси механизмдерді қолданады. Тұрақтылық түсінігін саяси жүйеде қолдану барысында ол ішкі және сыртқы өзгерістер шарттарында өз құрылымын сақтап, тиімді қызмет пен дамуға жол ашатын ұғымды білдіреді. Теорияға сәйкес, тұрақты саяси құрылым қоғамның көп бөлігі сол жүйені қолдауда жоғары деңгей

тануымен қатар, биік пен халық арасындағы қатынастардың келісімдік түрде жүргізілуін айшықтанды.

Қоғамдық өзгерістер мен тұрақтылықтың арақатынасы мәселесі саяси ғылымдардағы өзгерістердің бірі болып саналады. Саяси және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету реформаларды бұқараның толық қолдауы арқылы орын алады. Кез келген жүйенің абсолютті түрде тұрақтылығы ғылыми және тәжірибелік тұрғыда дәйектелмегендіктен, ол мүмкін емес. Сондықтан оны құрайтын элементтерінің толық қозғалысына кедергі келтірумен бірге, сыртқы ықпалдардан ажырайды. Дегенмен, қазіргі саяси ғылымдарда тұрақтылықтың жоғары дәрежедегі жүйелері де айқындалған.

«Қайырымды қаланың тұрғындарының көзқарастар жайындағы» трактатында Әл-Фараби Бірінші Тұлғаға төмендегідей сипаттама береді:

«... Барлық жеке біткеннің өмір сүруінің бастапқы себебі. [Жалғыз] сол ғана кемшіліктен ада. Басқа жан біткеннің бәрінде - Одан басқасында - ең болмағанда бір кемшілік немесе бірнеше [кемшілік] бар. Ал Біріншіні алатын болсақ, ол мұндай кемшіліктің бәрінен ада, өйткені оның тіршілігі кәміл және болмысында басқасының бәрінен озық...»

Осыдан лидерлік феноменіне қызығушылық туындайды. Әлеуметтік процестегі басшы, лидердің орны мен ролі, тарихтағы объективті және субъективті факторлар диалектикасы мен қоғамдық өмір диалектикасын айқындау әл-Фарабидің зерттеу еңбектерін оқығаннан кейін орын алады. Қазіргі әлемдегі қоғамдық дамудың маңызды мәселесі ретінде саяси лидерлікті түсіну болып табылады. Ғалымның пікірінше, өз бойында туа біткен қасиеттерді ұштастыратын адам ғана қайырымды халықтың басшысы бола алады: «Бұл адамның мүшелері мүлдем мінсіз болуы тиіс, бұл мүшелердің күші өздері атқаруға тиісті қызметті аяқтап шығу үшін мейлінше жақсы бейімделген болуы керек».

Қорыта келгенде, қазіргі заманғы қайырымдылық әлемдік тәжірибе көрсеткендей, саясат пен адамгершілік құндылықтарының өзара байланысын талап етеді. Тәуелсіздік алғаннан бері Елбасының салпақалы саясатымен көптеген игі істер жүзеге асырылды. Ең алдымен, халықтың әлеуметтік жағдайын, тұрмыс-тіршілігінің оңалып кетуіне жеті мен берген саяси жүйе бүгінде өзінің дұрыстығын дәлелдеді. Сол себепті қайырымдылық мәселесі жөнінде қолға алынып жатқан істердің мән-маңызын талдап-талқылауға, тереңіне ой жіберуге, жаңа уақыт тұрғысынан еткенге зер салуға парасат-пайым қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Петрова А. В. Благотворительность как социально-ролевое взаимодействие: теория и история процесса. Екатеринбург, 2003.
2. История Благотворительности в Казахстане. // <http://www.vdoinovlenie.org/blago/history/kazah.php>
3. www.vdoinovlenie.org/blago/history/kazah.php
4. Абростюва Е. А. О благотворительных организациях в СССР // Советское государство и право, - 1992. - №1. - С.135.
5. Апресян Р. Г. Добро и польза // Этическая мысль. - М.: Республика, 1992. - С.14.
6. Апресян Р. Г. Ценностные контрверзы предпринимательства // Общественные науки и современность - 1993. - № 2. - С.19.
7. Божанов А. Н. Коллекционеры и меценаты в России - М.: Наука, 1989. - 192 с.
8. Гузанова А., Ладенюв Н. Благотворительность; реальность и перспективы // Век XX и мир. - 1990 № 10. - С.20
9. Воронин С. В. Благотворительные фонды США (мифы и действительность) М: ЛГУ, 1973. - 208 с.
10. Мискуев П. Г. Очерки благотворительности в Америке. - СПб. 1902. - 45 с. 8§. Роль нравственности и побуждающих мотивов в обществе // Вопросы экономики. - 1993. - № 8. - С.28.
11. О милосердии и благотворительности. - Киев, 1882. - 16 с.
12. Очерк частной благотворительности в России. - СПб., 1897.
13. Уроки милосердия: Книга для чтения / Сост. Воронцова В. Г., Титова И. М. - СПб.: СПбГУШ, 1992. - 88 с.
14. Шкабельников Г. З., Петров П. И. Знаки благотворительных обществ и правила награждения ими лиц за оказанную помощь делам благотворения. - СПб » 1902. - 160 с.